

## «Алматы энергетика және электрондық технологиялар колледжі» КМҚК туралы

### АҚПАРАТ

«Алматы энергетика және электрондық технологиялар колледжі» КМҚК 1964 жылы салынған. Жалпы аумағы – 2,1623 га. Колледжде үш қабатты үш оқу корпусы бар, олардың жалпы ауданы – 10 513,6 шаршы метр. Колледжде 49 оқу кабинеті, 14 оқу шеберханасы, 22 зертхана, дәнекерлеу полигоны, өңірлік орталық және оқу-жаттығу лагері бар. Сондай-ақ, екі спорт залы (689,9 ш.м және 300 ш.м), 200 орындық жатақхана, 200 орындық асхана, ауданы 153 ш.м болатын 200 орындық акт залы, сондай-ақ 40 адамға арналған кітапхана және оқу залы қарастырылған.

Колледждің кітапхана қоры 86 392 данадан тұрады.

Оқу орнының жобалық қуаттылығы – 1000 білім алушы. Қызметкерлер саны-172, оның ішінде педагогтар, әкімшілік-басқару қызметкерлері және көмекші персонал бар.

Колледж орталық жылу жүйесімен қамтамасыз етілген, электрмен жабдықтау деңгейі жоғары. Желдету жүйесі (приточная-вытяжная) жақсы жұмыс істейді. Қауіпсіздік үшін Face ID жүйесімен жабдықталған үш турникет қойылған. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін пандус пен тактильді жолақтар қарастырылған. Колледж аумағы абаттандырылып, көгалдандырылған.

Оқу корпустарына күрделі жөндеу 2013 жылы, ал жатақханада жөндеу жұмыстары 2024 жүргізілген.

Сонымен қатар, колледжге келесі бағыттар бойынша материалдық инвестициялар қажет:

- 19 санитарлық торапты жөндеу – 6 млн теңге.
- Бейнебақылау жүйесін жаңғырту – 4,5 млн теңге.
- Ағымдағы жөндеу жұмыстары, оның ішінде оқу корпустарындағы линолеумді ауыстыру, 1-оқу корпусының қасбетін жөндеу, амфитеатр салу, жылыту жүйесін монтаждау және демонтаждау, спорт кешенінің шатырын (профнастил) орнату және бөлшектеу – 65 млн теңге.
- Стадионды қайта жаңарту және ангарлы жабын орнату – 100 млн теңге.
- Цифрлық кітапхана сатып алу – 2 млн теңге, сондай-ақ кітапхана қорын жаңарту – 2 млн теңге.
- Материалдық-техникалық базаны жақсарту үшін 70 млн теңге қажет. Бұл қаражат «Ақылды үй» стендтер жиынтығы (1,55 млн теңге), патч-панель модульдері (Cat.6, Cat.5E), STANLEY STST1-80151 жәшік-арбасын (ESSENTIAL ROLLING WORKSHOP), сыртқы консольді LED-прожекторларды (Road Led 100w «Кобра»), үш фазалы есептегіштерді (STAR 301 IEK), 35 моноблокты, 7 тасымалды LED-экранды және басқа да жабдықтарды сатып алуға жұмсалады.

### Білім алушылар контингенті бойынша мәлімет

1. **Күндізгі бөлім (2НК):** Жалпы контингент – **1596** білім алушы  
Мемлекеттік тапсырыс бойынша – **1509** білім алушы  
Ақылы негізде – **87** білім алушы  
24.01.2025 ж. жағдай бойынша:  
Жалпы контингент – **1561** білім алушы  
Мемлекеттік тапсырыс бойынша – **1482** білім алушы

Ақылы негізде – 79 білім алушы

**2. Сырттай бөлім:**

Бастапқы контингент (2НК) – 160 білім алушы

24.01.2025жағдай бойынша – 157 білім алушы

**3. Жалпы контингент (2НК):**

Барлығы – 1756 білім алушы

Оқудан шығарылғандар – 66 білім алушы

Қабылданғандар – 28 білім алушы

24.01.2025 ж. жағдай бойынша – 1718 білім алушы

**Жұмысқа орналастыру**

	Түлектер саны	Жұмысқа орналастырылды	Бос емес	В том числе:					Жұмысқа орналасуға жатады
				Жоғары оқу орындарында оқиды	ТЖКБ-да оқиды	ҚР Қарулы Күштеріне шақырылды	ҚР аумағынан шығып кетті	Декрет	
Барлығы	449	344	12	46	38	5			4
Мемлекеттік тапсырыс	394	293	8	39	30	4			4

**Жұмыспен қамтылған – 98,9%, мемлекеттік тапсырыс бойынша – 98,9%**

**2024/2025 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау**

Саны	Оның ішінде		Білім беру базасы			Оқу тілі	
	Орта буын мамандары	Жұмысшы біліктілігі	9 сынып негізінде	11 сынып негізінде (орта буын мамандары)	ТЖКБ-дан кейін	Мемлекеттік тіл	Орыс тілі
455	280	175	375	50	30	340	115

**Мақсатты мемлекеттік тапсырыс 2024/2025 оқу жылы:** Барлығы – 30 адам. Оның ішінде 071301000 «Электр жабдықтары» мамандығы, «техник-электрик» біліктілігі бойынша ЭО-240 тобы – 5 адам (9 сынып негізінде, мемлекеттік тілде оқыту), «Каз Билдинг-Сервис» ЖШС-мен келісімшарт жасалған. ЭО-2400 – 20 адам (11 сынып негізінде, мемлекеттік тілде оқыту), «TESLO» ЖШС-мен келісімшарт жасалған. АУТПс-240 тобы – 5 адам (9 сынып негізінде, мемлекеттік тілде оқыту), «ТОРГСТРОЙ» ЖШС-мен келісімшарт жасалған. Оқыту дуалды форматта жүргізіледі.

**Өндірістік жұмыс**

**Әлеуметтік серіктестер.**

Колледждің шамамен 70 әлеуметтік серіктес кәсіпорны бар, олардың негізгісі: «Алатау жарық компаниясы» АҚ, «Алматинские электрические станции» АҚ, «Алматы су» ШЖҚ, «Алматинский электромеханический завод» ЖШС, «КазЭнергоПауэр» ЖШС, «RG Brands Kazakhstan» ЖШС, «Каз Билдинг-Сервис» ЖШС, «Корпорация Сайман» ЖШС, «Garant Tranzit Plus» ЖШС, «Алматыжылужайэнерго» ЖШС.

**Индустриялық кеңес** ұйымдастырылған. Кеңес құрамына әлеуметтік серіктестер қатарынан 6 адам кіреді. Жылына 2 рет бекітілген жоспарға сәйкес отырыстар өткізіліп, келесі мәселелер қарастырылады: мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларын талқылау және бекіту, демонстрациялық біліктілік емтихандарының комиссия құрамын анықтау, қабылдау комиссиясын қалыптастыру. Индустриялық кеңес мүшелері WorldSkills чемпионаттарына дайындық, өндірістік және дипломалды тәжірибеден өту мәселелерінде қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, түлектерді және 3-4 курс білім алушыларын тәжірибеден өту кезінде және демалыс уақытында жұмысқа орналастыруға көмек береді. Дуальды оқытуды дамытуға үлес қосып, өндірістік база негізінде топтардың санын арттыруға және орындармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

### Дуалды оқыту

2024 жылы дуалды оқыту бағдарламасы бойынша 4 мамандық аясында 96 білім алушы оқуын аяқтап, орта буын маманы біліктілігін алды.

2024 жылы дуалды оқыту бағдарламасына 225 білім алушы қабылданды. Оның ішінде 75 білім алушы – орта буын мамандары (техник-электрик, техник-теплотехник), ал 150 білім алушы – жұмысшы біліктіліктері бойынша (электромонтер, электр монтаждаушы, веб-дизайнер, слесарь КИПиА) білім алуда.

Қазіргі уақытта дуальды оқыту бағдарламасы бойынша 27 топта 635 білім алушы білім алуда. Оның ішінде: 9 топ – орта буын мамандары, 18 топ – жұмысшы біліктіліктері бойынша. Дуалды оқыту серіктестері ретінде «Атамекен» ҚР ҰҚП реестріне тіркелген 16 компания жұмыс істейді.

ТОО «RG Brands Kazakhstan» дуальды оқыту бағдарламасы аясында 07140100 – «Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» мамандығының АУТП-220 тобындағы 25 білім алушыларына ай сайын 85 000 теңге мөлшерінде еңбекақы төлейді. 2024 жылы бұл кәсіпорын тәлімгерлік бағдарламасына 4 239 840 теңге бөлді.

### 2024 жылғы демонстрациялық емтихан

№ п / п	Мамандықтар	Құзыреттілік	Өткізу орны	2024 жыл (жосп ар)
1	0901000 «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары /түрлері бойынша/»	«Электр монтаждау жұмыстары»	Өңірлік құзыреттілік орталығының оқу-жаттығу лагері	104
2	0902000 «Электрмен қамтамасыз ету /салалары бойынша/»			18
3	07130100 Электржабдықтары (түрлері және салалары бойынша)			19
5	07130100 Электромонтер (түрлері және салалары бойынша) жұмысшы біліктілігі бойынша			9
6	1306000 «Радиоэлектроника және байланыс»	«Электроника»	Өңірлік құзыреттілік орталығының оқу-жаттығу лагері	35
7	1013000 «Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өнеркәсіпте автоматика»	«Өнеркәсіптік автоматика»	Өңірлік құзыреттілік орталығының оқу-жаттығу лагері	13

8	1305000 «Ақпараттық жүйелер /қолдану саласы бойынша/»	«Графикалық дизайн» және «Веб технологиялар»	Колледждің компьютерлік орталығы	72
9	3W06130102 Web-дизайнер жұмысшы біліктілігі бойынша	«Веб технологиялар»		25
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>			<b>295</b>

### Әдістемелік жұмыс

Әдістемелік қызметтің жұмысы колледждің құзыреттілікке бағытталған білім беру ортасын дамытуға бағытталған. Ол педагог қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және бәсекеге қабілетті маман даярлауға ықпал етеді.

Колледжде 7 циклдық комиссия, «Жас педагогтар мектебі», «Көшбасшы ұстаздар» және «Тәлімгер ұстаздар» бірлестіктері жұмыс істейді. Педагогтар жыл сайын «Үздік педагог», «Ақылды сабақ», «Өз жұлдызыңды жақ» және басқа да кәсіби шеберлік байқауларында жеңімпаз және жүлдегер атанады.

2024 жылдың 29 мамырында «Электротехника және энергетика» бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестікте (РУМО) педагогтар Шарипова Т.Н., Буданова Д.С. және Булшекбаева Г.Б. тәжірибесі жинақталып, талқыланды.

2024 жылдың 22 ақпанында қалалық әдістемелік кабинетінің жұмыс жоспарына сәйкес энергетика саласы бойынша қалалық байқау өткізілді.

2024 жылы колледждің 17 білім беру бағдарламасы «Талап» КЕАҚ тізіліміне енгізілді.

### Тәрбие жұмысы

Колледжде тәрбие жұмысы колледждің бекітілген жұмыс жоспарына, аудан әкімдігінің және басқа да жетекшілік ететін органдардың жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша іс-шаралар.**

**Тұрақты негізде жүзеге асырылатын іс-шаралар:**

- Колледжішілік және аудандық дебаттық турнирлер өткізіледі;
- Волонтерлік қозғалыс жұмыс істейді;
- Қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырылады;
- "Оқитын колледж" бағдарламасы жүзеге асырылады;
- Білім алушылар мұражайлар мен театрларға барады;
- «SanaU Urpaq» клубының жоспары бойынша кездесулер, дебаттар және дөңгелек үстелдер өткізіледі;
- «Жас сарбаз» клубы жұмыс істейді;
- Ата-аналар қонақ бөлмесі бар, психологиялық көмек көрсетіледі.

Колледжде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Ауэзов ауданының ЮПБ қызметкерлерімен және «Жас ұрпақ» жастар денсаулық орталығының мамандарымен тұрақты кездесулер ұйымдастырылады. Кездесулердің тақырыптары келесі маңызды мәселелерді қамтиды: «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Суицидтің алдын алу», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Нашақорлық, лудомания,

буллингтің алдын алу», «Ұлтаралық және этникалық келісім», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» және т.б. Бұл кездесулер білім алушытердің құқықтық сауаттылығын арттыру және ықтимал қауіптердің алдын алу мақсатында тұрақты түрде өткізіледі.

#### **Халықаралық тағылымдама**

- Бразилия. 27.11 – 18.12.2023 ж. «Электр энергетикасы және өндірісті автоматтандыру» бағыты бойынша колледждің 10 қызметкері халықаралық тағылымдамадан өтті.
- Лондон, Ұлыбритания. 21 – 27.12.2023 ж. Колледж басшысының орынбасары Құрманәлі Ж.К. «Ұлыбританияның білім беру жүйесін зерттеу» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтті.
- Рига, Латвия. 26.11 – 06.12.2023 ж. ӨОШ Асқарұлы Мұхит, ЕС#Reels4SustainableEnergy байқауының жеңімпазы, «Энергия тиімділігін ілгерілету – Латвия тәжірибесі» бағдарламасы аясында тағылымдамадан өтті.
- 2024 жылдың қараша айында – Еуропа елдерінде (Венгрия, Словакия, Германия, Австрия) 10 педагогқа арналған халықаралық тағылымдама жоспарланған.

#### **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – колледж әкімшілігінің, педагогтардың және МПО-ның басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатта оқу орнында 55 бейнебақылау камерасы орнатылған, олардың 22-і ішкі, 33-і сыртқы, ал 8 камера Алматы қаласы полиция департаментінің ЦОУ жүйесіне қосылған.

Кіру және шығуды бақылау СКУД (қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі) арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйеге Face ID бар турникеттер мен арнайы қоршаулар кіреді.

Қауіпсіздікті күшейту мақсатында «КАЙСАP-SECURITY» күзет агенттігімен келісімшарт жасалған.

Сонымен қатар, Мүгедектігі бар адамдарға (ЛОВ) жағдай жасау үшін арнайы санитарлық бөлмелерде мүгедектерге арналған тұтқалар, шақыру түймесі, тік көтергіш, тасымалданатын пандус және тактильді жолақтар орнатылған.